

2005 жылғы 1 наурызға¹ банк секторының ағымдағы жағдайы

Қазақстанда 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердің саны 35 болды, оның ішінде Алматы қаласында 29 банк, банктердің 28 филиалы және 197 есеп айырысу-касса бөлімі орналасқан.

Банк секторының құрылымы		01.01.05	01.03.05
1.	Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	35	35
	-шетелдің қатысы бар банктер -банки с иностранным участием	15	15
	жарғы капиталында мемлекеттің 100% қатысы бар – банктер	1	1 ²
2.	Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	385	394
3.	Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны	1106	1125
4.	Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	11	11
5.	Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктердің өкілдіктерінің саны	18	17
6.	Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	34	34
7.	Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктер саны	9	9

Капитал. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтықты меншікті капиталының есеп айырысу³ мөлшері өткен жылы 14,5 млрд. теңгеге (4,2%-ке) ұлғайды және 01.03.05ж. жағдай бойынша 361,3 млрд. теңге болды. Сонымен, бірінші деңгейдегі капитал, 266,6 млрд. теңгеге (16,4%-ке) дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 17,3%-ке 106,2 млрд. теңгеге дейін кеміді.

Меншікті капиталдың динамикасы млрд. теңге	01.01.05	01.03.05	Өсімі %-пен
1-ші деңгейдегі капитал	229,1	266,6	16,4
Жарғылық капитал	161,3	162,7	0,9
Қосымша капитал	16,7	16,6	-0,6
Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	41,6	72,7	74,8
2-ші деңгейдегі капитал	128,4	106,2	-17,3
Бөлінбеген таза кіріс	31,1	5,7	-81,7
Реттелген борыш	99,3	108,2	9,0
Меншікті капитал барлығы	346,8	361,3	4,2

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері негізінен өзгерген жоқ және k1 - 0,09 (0,06 нормативі кезінде), k2 - 0,16 (0,12 нормативі кезінде) болды.

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	01.01.05	01.03.05
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,08	0,09
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,16	0,16
Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	1,19	0,19
Меншікті капиталдың құрылған провизияларға қатынасы	2,86	2,75
Меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,47	0,50
Меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	6,68	5,84


Активтер. 2005 жылғы 2 айда банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 109,7 млрд. теңгеге (4.1%-ке) ұлғайды және есепті күнге 2 797,2 млрд теңге болды.

Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.05		01.03.05		Өсім %-пен
	млрд. теңге	% -пен жиынтығы	млрд. теңге	% -пен жиынтығы	
Қолма-қол ақша	55,0	2,0	54,8	2,0	-0,4
Корреспонденттік шоттар	149,9	5,6	94,5	3,4	-37,0
Бағалы қағаздар	465,5	17,3	517,1	18,5	11,1
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	85	3,2	133,7	4,8	57,3
Банкаралық заемдар	105,1	3,9	88,8	3,2	-15,5


Клиенттерге берілген заемдар	1707,8	63,5	1 788.2	63.9	4.7
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	13,8	0,5	14.8	0.5	7.2
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	44,8	1,7	45.8	1.6	2.2
Басқа активтер	60,6	2,3	59.5	2.1	-1.8
Активтердің барлығы	2687,5	100	2 797.2	100.0	4.1

Банктер активтерінің құрылымында банкаралық (63,9%) бағалы қағаздар портфелі (18,5%), басқа банктерде орналастырылған салымдардан (18,5%) басқа заемдар үлкен үлес алады. Активтердің өсуі негізінен бағалы қағаздар шоттарындағы қалдықтардың - 51,6 млрд.теңгеге немесе 11,1%-ке және клиенттерге берілген заемдар 80,4 млрд. теңгеге немесе 4,7%-ке ұлғаюы есебінен болып отыр.

01.01.2005ж. Жасдай бойынша банк секторы активтерінің құрылымы (%)




01.03.2005ж. Жасдай бойынша банк секторы активтерінің құрылымы (%)



2005 жылғы қаңтар және ақпан айларында жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер 165,5 млрд. млрд. теңгеден (4,4%) 3 486,5 млрд.теңгеге дейін ұлғайды.

Сонымен қатар, 2005 жылғы 2 ай ішінде жалпы алғанда активтер және шартты міндеттемелердің сапасы бойынша айтарлықтай өзгерістер байқалған жоқ. Сонымен бірге стандартты активтердің және шартты міндеттемелердің үлес салмағы 72,3%-тен 74,2% -ке дейін ұлғайды, ал күмәнділері 26,0%-тен 23,9%-ке дейін кеміді. Бұдан басқа үмітсіз активтер және шартты міндеттемелер 9,9 млрд. теңгеге ұлғайды. (17,7%).

Активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының динамикасы	01.01.05		01.03.05	
	Негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	Жиынтық %-пен	Негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	Жиынтық %-пен
Активтер және шартты міндеттемелер барлығы	3321,0	100	3486.5	100
Стандартты	2401,7	72,3	2586.8	74.2
Күмәнді	863,4	26,0	833.9	23.9
1 санатты күмәнді- төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	692,5	20,9	633.2	18.2
2 санатты күмәнді – кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде	28,7	0,9	61.8	1.8
3 санатты күмәнді- төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	98,0	2,9	82.0	2.3
4 санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	17,7	0,5	34.0	1,0
5 санатты күмәнді	26,5	0,8	22.9	0.6
Үмітсіз	55,9	1,7	65.8	1.9



Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфельі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 56,2% -тен 58,0%-ке ұлғайды, күмәнділердің үлесі 40,9%-тен 38,7%-ке дейін кеміді, үмітсіздердің үлесі 2,9% -тен 3,3%-ке дейін өсті.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.05		01.03.05	
	Негізгі борыш сомасы млрд. тенге	Жиынтық %-пен	Негізгі борыш сомасы, млрд. тенге	Жиынтық %-пен
Несиелік портфельдің барлығы	1812,9	100	1877	100
Стандартты	1019,1	56,2	1088.4	58.0
Күмәнді	741,9	40,9	726.5	38.7
1 санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	578,1	31,9	534.5	28.5
2 санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	25,1	1,4	56.5	3,0
3 санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	95,2	5,2	79.8	4.2
4 санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	17,6	1,0	33.7	1.8
5 санатты күмәнді	25,9	1,4	22	1.2
Үмітсіз	51,9	2,9	62.1	3.3


Міндеттемелер. 2005 жылғы қаңтар және ақпан айларында екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 102,7 млрд.теңгеге немесе 4,3%-ке ұлғайды және 01.03.05ж. 2 518.9 млрд. теңге болды.

Айналымға жіберілген бағалы қағаздардың 30,8%-ке өсімі банк міндеттемелерінің ұлғаюына мейлінше мәнді ықпал етті. Сонымен қатар, «РЕПО» операциясы 40,7 млрд. теңгеге кеміді және 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 31,5 млрд. теңге болды.


Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.05		01.03.05		Өсім %-пен
	млрд. теңге	Жиынтық %-пен	млрд. теңге	Жиынтық %-пен	
Клиенттер ⁴ алдындағы міндеттемелер	1618,5	67	1 719.1	68.2	6.2
Банкаралық депозиттер	79,1	3,3	83.3	3.3	5.3
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған заемдар	5,4	0,2	5.1	0.2	-5.6
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	19,2	0,8	18.2	0.7	-5.2

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	343,9	14,2	325.3	12.9	-5.4
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	72,2	3	31.5	1.3	-56.4
Реттелген борыштар	99,3	4,1	108.2	4.3	9.0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	101,6	4,2	132.9	5.3	30.8
Басқа кредиторлар	49,5	2,1	53.6	2.1	8.3
Басқа міндеттемелер	27,5	1,1	41.7	1.7	51.6
Міндеттемелер барлығы	2416,2	100	2 518.9	100	4.3

01.01.200ж. Жасдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)



01.03.2005ж. Жасдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)




2005 жылғы екі ай ішінде клиенттер салымдары⁵ 105,8 млрд. теңгеге немесе 6,6% ұлғайды және 2005 жылғы 1 наурызда 1 713,6 млрд. теңге болды. Сонымен бірге, талап ету бойынша салымдар 14,3% кеміді және олардың клиенттердің жиынтықты салымдарындағы үлесі 1,1% болды.

2005 жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың салымдары шартты және мерзімді салымдардың шоттарындағы қалдықтардың есебінен ұлғайып 2,6%-ке немесе 11,7 млрд. теңгеге өсті, сонымен бірге клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары 5,6 %-ке немесе 3,4 млрд. теңгеге кеміді.

№	Клиент депозиттері	01.01.05.		01.03.05.		Өсімі %-пен	
		Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында
1.	Салымдар, барлығы оның ішінде.:	1 607,8	917,4	1 713.6	1 000.5	6.6	9.1
2.	Заңды тұлғ. салымд., оның ішінде.:	1 159,8	724,7	1 253.9	803.2	8.0	10.8
	Еншілес арн. тағайынд ұйым. салымд.						
	қосқанд. клиенттердің ағымдағы және карт шоттары	756,7	498,7	829.0	581.0	9.6	16.5
	Талап ету бойынша салымд.	5,0	1,2	2.1	1.2	-58.0	0.0
	Мерзімді салымдар	396,5	223,8	421.1	219.8	6.2	-1.8
	Шартты	1,6	1,0	1.7	1.2	6.3	20.0
3.	Жеке тұлғалардың салымдары, оның ішінде.:	448,0	192,7	459.7	197.3	2.6	2.4
	Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	60,3	15,6	56.9	15.8	-5.6	1.3
	Талап ету бойынша салымд.	16,7	6,9	16.5	7.4	-1.2	7.2
	Мерзімді салымдар	360,3	161,5	374.2	164.3	3.9	1.7
	Шартты	10,7	8,7	12.1	9.8	13.1	12.6

Өз кезегінде заңды тұлғалардың салымдары 8,0%-ке, оның ішінде мерзімді депозиттер - 6,2% (24,6 млрд. теңге) және клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары 9,6%-ке (72,3 млрд. теңгеге) өсті. Талап ету салымдары 58,0%-ке (2,9 млрд. теңге) кеміді.

Банк секторының өтімділік деңгейінің динамикасы



Өтімділік. 2005 жылғы ақпанда банк жүйесінің өтімділік деңгейі жоғары деңгейде сақталды. Екі ай ішінде ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасынан 01.01.05ж. 1,06-нан 01.03.05 ж. 1,24-ке дейін өсті. Қысқа мерзімді өтімділік (барынша төмен мөлшері -0,5) коэффициенті 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 1,24 болды.

Кірістілік. 2005 жылғы 1 наурызда екінші деңгейдегі банктер кіріс салығын төлегеннен кейін 5,7 млрд. теңге мөлшерінде (2004 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша - 6,5 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 60,9 млрд теңге болды (2004 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша - 48,4 млрд теңге), шығыстар - 55,2 млрд. теңге (2004 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша - 41,9 млрд. теңге) болды.

Мынаны атап өткен жөн, ағымдағы жылдың екі айында банктер өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12,3% -ке кем таза кіріс алды.

Банк секторының кірістілігі, млрд. теңгемен	01.03.04	01.03.05	Өзгеріс (+;-), % -пен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	28.8	43.5	51.0
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	12.2	22.0	80.3
Сыйақы алуға байланысты кіріс	16.6	21.5	29.5
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	17.1	17.3	1.2
Сыйақы төлемін жасауға байланысы жоқ шығыстар	29.1	31.4	7.9
Сыйақы алумен байланысы жоқ таза кіріс (шығын)	-12.0	-14.1	17.5
Көзделмеген баптар	2.5	0.0	-98.6
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	7.1	7.5	5.6
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	0.6	1.8	200.0
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	6.5	5.7	-12.3

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (85,6% немесе 37,2 млрд. теңге) сыйақының төленуіне байланысты кірістер біршама көп орын алады, ал проценттік шығыстар құрылымында - клиенттердің талаптары бойынша (67,2% немесе 14,8 млрд. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Дилингтік операциялар бойынша таза кіріс 1,6 млрд. теңге болды (2004 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша - 1,7 млрд. теңге).

Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 0,27% (1.03.05ж. жағдай бойынша - 0,42%), болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 2,08% болды (01.03.04ж. жағдай бойынша - 2,9%).

Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер	01.03.04	01.03.05
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	0.42	0.27
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына қатынасы (ROE)	2.90	2.08
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы.	1.69	1.56
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несиелік портфелінің кредиттеріне қатынасы.	2.15	2.03
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	23.94	21.33
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	0.81	0.87
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	0.59	0.40

Банк секторының шоғырлануы. 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 62,06%-тен 61,45%-ке дейін аздап кеміді, сондай-ақ 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі де 63,48%-тен 62,77%-ке дейін кеміді.

3 ірі банктің банк секторының жиынтық несиелік портфеліндегі үлесі 65,33% болды.

Сондай-ақ, жеке тұлғалар депозиттерінің 68,68%-і 3 ірі банкте шоғырланғанын атап өткен жөн.

Жиынтықты банк секторындағы үлесі	01.01.05	01.03.05
Үш ірі банктің активтері	62,06	61,45
Үш ірі банктің міндеттемелері	63,48	62,77
Үш ірі банктің меншікті капиталы	54,11	53,22
Үш ірі банктің несиелік портфелі	66,33	65,33
Үш ірі банктің клиенттерінің ⁵ депозиттері, оның ішінде:	66,01	68,68
- заңды тұлғалардың	67,06	71,11
- жеке тұлғалардың	63,28	62,04

Экономикадағы банк секторының ролі

Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы	01.01.02	01.01.03	01.01.04	01.01.05	01.03.05
ЖІӨ млрд. теңге	3 250,6	3 747,2	4 449,8	5 542,5	6 397,0 ⁶
Активтердің ЖІӨ қатынасы, %	25,1	30,6	37,7	48,5	43,7
Несиелік портфелінің ЖІӨ қатынасы, %	15,9	19,1	24,4	32,7	29,3
Меншікті капиталдың ЖІӨ қатынасы, %	3,8	4,3	5,2	6,3	5,6
Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ қатынасы	15,0	18,6	21,8	29,0	26,8

¹ - 01.03.05ж. жағдай бойынша ақпарат “Қазақстан Даму Банкі” ЖАҚ деректерін ескермей берілген;

² – “Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі” АҚ-ы; “Эксімбанк” ААҚ-ы мемлекеттік үлесті сатып алуды жүзеге асырды.

³ – уәкілетті орган бекіткен екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтері туралы Ережеге сәйкес;

⁴ – “Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары” 2222 шотын ескеріп;

⁵ – клиенттердің депозиттері туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шоттарын ескере отырып берілген.

⁶ – 2005 жылғы болжам деректері.